



## БҰЙРЫҚ




13.11.2024 жыл  
Жанатас қаласы

## ПРИКАЗ

№ 80/14  
город Жанатас

### Конкурстық комиссия құрамын күру және өткізу мерзімі туралы

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Конкурс «Жанатас көпсалалы колледжі» МКҚК – да Zoom арқылы өткізілсін.
2. Конкурсты өткізу мерзімі: 14.11.2024 жыл, уақыты: 15/00.
3. Конкурстық комиссия төмендегі құрам бойынша құрылсын:
  - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының әдіскері – Сенбай Алтын Өтегенқызы (*Zoom арқылы қатысуга*).
  - Жамбыл облысы оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының құқықтық қызметінің басшысы Джолшибекова Алия Игенбайқызы (*Zoom арқылы қатысуга*).
  - Білім беру ұйымы әкімшілігінің өкілдері:
  - Тажибаев Хабдулманап Смагулович (*жазбаша келісімі бойынша*). 
  - Мамбетова Акбота Кудайбергеновна (*жазбаша келісімі бойынша*).
  - Дуйсенова Гульнар Тапеневна (*жазбаша келісімі бойынша*). 
  - Хатшы - кадр бөлімінің меңгерушісі Г.Айнекова. 
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Негіздеме: «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы.

Колледж директоры

Н.Туйтебаева

000862

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАҢАТАС  
КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ  
КӘСІПОРНЫНЫҢ ПЕДАГОГТЕРІН ЛАУАЗЫМҒА ТАҒАЙЫНДАУҒА КОНКУРСТЫҚ  
КОМИССИЯСЫ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

---

**№2 ХАТТАМАСЫ**

*Жаңатас қаласы, 14.11.2024 жыл*

**Өткізілген орны:** Жаңатас көпсалалы колледжінің әдістемелік бөлімі.

**Отырысқа қатысқан конкурстық комиссиясы құрамында:**

1. **Тажобаев Хабдулманап Смагулович** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының оқу бөлімінің меңгерушісі, комиссия төрағасы;

2. **Сенбай Алтын Өтегенқызы** - Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының әдіскері, комиссия мүшесі (*Zoot арқылы*);

3. **Джолшибекова Алия Игенбайқызы** - Жамбыл облысы оқу ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының құқықтық қызметінің басшысы, комиссия мүшесі (*Zoot арқылы*);

4. **Мамбетова Акбота Кудайбергеновна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының тау-кен мамандығы бойынша оқытушысы, комиссия мүшесі;

5. **Дуйсенова Гульнар Тапеновна** - Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қоса атқарушы химия пәнінің оқытушысы, комиссия мүшесі.

**Күн тәртібінде:**

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Жаңатас көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнындағы бос лауазымына тағайындау конкурсы туралы

Конкурстық комиссия отырысын комиссия төрағасы **Х.С.Тажобаев** ашты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөз комиссия мүшесі **А.Джолшибековаға** беріледі.

**А.Джолшибекова:**

- **Құрметті отырыс қатысушылары,** колледжде оқу әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасары бос лауазымдарына жарияланған конкурсқа келесі кандидат құжатын тапсырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының 157 тармағына сәйкес мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Ақпараттық сервисі арқылы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ педагог мәртебесі туралы Заңнаманы бұзу туралы сұрау салуды Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету аумақтық департаментке сұраныс жолданған болатын.

Осы қағидалардың 154 тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамның құжатын қарап шықсаңыздар.

**Бақытбекқызы Ардақ Әдіскерге** кандидат 11,0 балл.

Басқа кандидат жоқ.

**А.Сенбай:**

- **Құрметті отырыс қатысушылары**, жоғарыда айтылғандары ескере отырып шешім қабылдауымыз қажет. Осы ретте, басшының оқу әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасары ретінде **Бақытбекқызы Ардақты** ұсынамын.

**Х.Тажимаев:**

- Айтылған ұсыныстарды қабылдауға дауыс берулеріңізді сұраймын.

Аталған ұсыныс бойынша дауыс беріліп, бірауыздан келісілді.

**Жоғарыда аталған мәселелерді қарастыра келе, конкурстық комиссия ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Конкурс қорытындысы бойынша басшысының оқу әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасары кандидат **Бақытбекқызы Ардақты** конкурстан өтті деп есептелсін.

2. Кандидат өзіне қатысты бөлігінде конкурстық құжатпен және комиссия шешімімен таныстырылсын.

3. Конкурстың нәтижесі колледждің Интернет-ресурсында, немесе әлеуметтік желілерінің ресми аккаунтында жариялансын.

**Комиссия төрағасы**  
**Комиссия мүшелері**



**Х.Тажимаев**

**А.Сенбай**  
**А.Джолшибекова**

**А.Мамбетова**  
**Г.Дуйсенова**

**Г.Айнекова**



**Хатшы**